



№75  
(18 488)

бейсенбі,  
22-мамыр,  
2008 жыл

# Оңтүстік ҚАЗАҚСТАН

1924 жылғы 26 қарашадан шыға бастады **ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ** Аптасына үш рет - сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

# Тудың түсі нені білдіреді?

Әр ұлттың, мемлекеттің жанына жақын тұтатын, айрықша қастерлейтін түсі, бояуы бар. Осыған орай ұлттық бояу, ұлттық реңк деген сөздер қалыптасқан. Айталық, кешегі Кеңес өкіметінің туы қызыл түсті болғандықтан 70 жыл бойы Одақта қызыл түс кеңінен қолданылды. Тіпті, КСРО-ның кейінгі кездері “қызыл империя” деп аталып кетуі де осыдан туса керек. Империядан енші алып шыққан бұрынғы одақтас елдердің қазір өз жалаулары бар. Бірі көк, бірі жасыл, бірі ақ... Қырғыз елі сол баяғыша қызыл түсті таңдады. Себебі бір кездері Манас батырдың тіккен туы да сондай түсте болған көрінеді. Ал, Қазақстан аспан түсті байрағын желбіретті.

Мемлекетіміздің туы зеңгір көк түсті болуы кездейсоқ емес. Көк түс адалдықтың, кіршіксіз тазалықтың, пәктіктің нышаны. Аспан түс ынтымақ пен бірліктің идеясын аңғартады, бейбітшіліктің, туралықтың, береке-байлықтың белгісі болып саналады.

Көк түсті нағыз қазаққа тән деуге болады. Өйткені “көк” сөзі көне түркі ұғымы бойынша ғарышты, Жаратушы иені білдіреді. Табиғатпен тығыз қатынаста өмір сүрген көшпелілер айналаның бәріне осы көгілдір түспен қараған ба дерсің. Өйткені ашық аспан, биік таулар, мөлдір су, көкмайса—бәрі де осы зеңгір көк реңкпен астасып жатыр. Тіпті, қазақ кейде өзге түсті де

көк деп атай береді. Мәселен, жасыл шөпті көк, құс төресі аққудың балапанын көгілдір дейді. Дәстүрлі діни-сенім тұрғысынан алғанда, көк түс—тәңірлік түс. Оның ерте замандардан-ақ тоtemдік мәні болған.

Аспан түсті тулар мен байрақтарды тарихтың түрлі кезеңдерінде Түрік қағанаты, Селжұқ қағандығы, Ақсақ Темір мемлекеті, Қазақ ордасының кейбір хандары мен батырлары көтеріп шыққан. Шағын көгілдір жолақ Қазақ КСР-інің жалауында да болды.

Туымыздағы нұр шұғылалы алтын күн бейнесі, қыран құс нені білдіреді?

Күн образы мемлекеттік рәміздерде жиі кездесетін нышан, Күн жаратылғаннан табиғат тілін терең ұғынып, оның төл тумасына айналған далалықтар үшін өмірлік күштің қайнар көзі. “Көгер күнім сөнбесін” деп тілеген көшпелілер.

Қыран бүркіт те мемлекеттік рәміздерде жиі кездесетін образ. Ол батылдықтың, сенімділіктің, жеңістің, асқақтық пен биліктің белгісі саналады. Қанатын жайған қыран суреті тыныштықтың, сонымен бірге тәңірлік шабыттың, рухани қуаттың белгісі болып есептеледі.

**Мөлдір БАЙМАХАНБЕТОВА,**  
**Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық-экономикалық колледжінің 4-курс студенті.**